

№ 2 дәріс

Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері. ЕҚ саласындағы ҚР Ұлттық саясаты. ЕҚ бойынша негізгі заңнамалық актілер және нормативтік құжаттар

Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Еңбек қорғау жөніндегі заңдық және нормативтік актілері Қазақстан Республикасының Конституциясының 24 бабына сәйкес, еңбек құқығымен тығыз байланысты болып табылады:

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен берілген тәсілдерді қолдана отырып, жеке ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына демалыс және мереке күндеріне жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының өзгертулермен толықтырылған 23.11.2015 жылғы Еңбек Кодексі бойынша еңбекті қорғау саласындағы нормативтер қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың денсаулығы мен өмірін сақтауға бағытталған ұйымдық, техникалық, технологиялық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және өзге де нормаларды, ережелерді, рәсімдер мен өлшемдерді белгілейді.

Еңбекті қорғау саласындағы салалық нормативтерді әзірлеу мен бекітуді тиісті уәкілеті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Ал жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу мен бекітуді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырады.

Еңбекті қорғау заңдары келесі негізгі принциптерден тұрады:

1) өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты алғанда қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;

2) қызметкердің өмірі мен денсаулығына өндірістік факторлардың зиянды әсерінің қайтымсыз салдарына жол бермеу;

3) қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықтарын қорғауға

мемлекеттің кепілдік беруі;

4) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау арқылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында бірінғай талаптарды белгілеу;

5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу;

6) уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелер мен қызметкерлер өкілдері арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету;

7) еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы ақпараттың жариялылығы, толымдылығы және дұрыстығы;

8) мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізуге мемлекеттің қатысуы;

9) қызметкерлер өкілдерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыруға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларынан тұратын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қатысуы.

Қауіптілігі жоғары өндірістік жабдықтармен байланысты жұмыстармен айналысатын қызметкерлер ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтуге тиіс. Зиянды жұмыс жағдайында қызметкерді зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғауға арналған жеке құралдар; киім, аяқ киім, бас киім, қолғап, сабын, арнаулы тамақпен қамтамасыздандыру қажет. Қысқартылған жұмыс уақыты, қосымша демалыс күндер берілу қажет.

Ұжымдардың, өндірістердің әкімшіліктері жұмыс орнында керекті техникалық жабдықтарымен және олардың еңбек қауіпсіздігіне сай жұмыс жағдайын қамтамасыздандыру қажет.

Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды қоса алғанда, жеке еңбек шартында жұмыс орнының шынайы сипаттамасы, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдарында және ұжымдық шартта көзделген осындай жағдайларда жұмыс істегені үшін берілетін жеңілдіктер мен өтемақылар көрсетілген.

Еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарға қабылдау кезінде жұмыс беруші қызметкерді кәсіби аурудың туындау мүмкіндігі туралы ескертуге міндетті.

Жұмыс беруші жыл сайын еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға қажетті қаражат бөледі. Қаражат көлемі жеке немесе ұжымдық шарттарда белгіленеді.

Қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалардың, ережелер мен нұсқаулықтардың талаптарын, сондай-ақ жұмыс берушінің өндірісте жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарын сақтауға

және арнаулы киімді, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын өз мақсатында пайдалану қажет.

Еңбекті қорғау жөніндегі нормативті актілерге төмендегілер кіреді:

- Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесінің стандартты (ЕҚСЖ), Мемлекеттік стандарттар (МЕСТ) – стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша ТМД мемлекетаралық Кеңесінің; аймақтық стандарттар (ССТ); министрлікпен орындаушы биліктің басқада орталық органдарының; қоғамдық стандарттар;

- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Бас санитарлық эпидемиологиялық басқаруымен келісілген, санитарлық ереже-лер, нормалар, гигиеналар нормативтер эргономикалық, физиологиялық және басқа да талаптар.

- Атқарушы биліктің орталық органымен келісілген және Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Еңбек қорғау департаментімен келісім бойынша бақылаушы органы және сәйкесті қадағалаумен аймақтық ұсынымдағы еңбек қорғау бойынша нұсқамалар мен ережелер.

Аталған нормативтік актілер ҚР 11.11.2004 №1182 үкіметтің қаулысына сәйкес мемлекеттік органдарымен жасалынады және мақұлданады.

Жоғарыда көрсетілген актілер негізінде Қазақстан Республикасының әрбір субъектісі нақты өндірістік жағдайларды ескере отырып, еңбек қорғау өндірістік санитария және гигиена бойынша ҚР 02.12.2004 жыл №278 п. Халықты әлеуметтік қорғау және еңбек министрлігінің жарлығымен бекітілген ережелер бойынша ішкі фирмалық нұсқаунамаларды жасайды.

Қазақстан Республикасы әлемдік еңбек нарыққа кіру үшін халықаралық ұйымдарға қосылу қажеттілігі туындады және еңбек қорғау жөніндегі келесі құжаттарға қол қойылды:

- 13.06.96ж. №7-1 ҚР заңымен Еңбек туралы халықаралық ұйымның №155 конвенциясы (Женева, 3.06.1981 ж.) қабылданды;

- ҚР президентінің жарлығымен 04.09.95 №2451 еңбек қорғау саласында ынтымақтастық келісім қабылданды (Мәскеу, 9.12.1994 ж);

- ҚР президентінің Жарлығымен 25.08.95 №2423 тергеу тәртібі жөнінде келісім қабылданды (Мәскеу 9.12.1994 ж);

- ҚР жарлығымен 25.05.95 №2303 зиян тигізгені үшін бір біріне есемсін қайтару жөнінде келісім қабылданды;

- ҚР Заңы мен еңбек туралы халықаралық ұйымының №148 конвенциясы қабылданды (26.06.96ж. №10-1).

- ҚР АҚ 27.12.94ж. №268- XII бойынша Ұлттық заңдылық алдында Халықаралық құжаттардың нормалары.

Еңбекті қорғау нормативті және нормативті-техникалық құжаттарға негізделеді, олардың талаптары өндірістерді, ғимараттарды және құрылыстарды жобалағанда және құрғанда; өндірістерді және жұмыстарды ұйымдастырғанда; жұмыс жағдайын және тәртібін регламенттегенде; қызметкерлерді қауіпті және зиянды себептерден қорғайтын құралдарды жасап қолданғанда іске асырылу қажет.

Еңбекті қорғау саласындағы маңызды нормативті-техникалық құжатқа еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі кіреді.

Еңбек қауіпсіздігінің стандарттары жүйесі (ЕҚСЖ) - еңбек үрдісіндегі адамның қауіпсіздігін, денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған нормалар және ережелердің талаптарынан тұратын өзара байланысқан стандарттардың жиынтығы.

Мемлекеттік қадағалау органдары бекіткен нормалар мен қағидалар және ЕҚСЖ стандарттары өзара байланыста болуы тиіс. ЕҚСЖ мен оның құрамына кіретін еңбек қауіпсіздігінің нормативті-техникалық құжаттар 1972 жылдан бері іске асырылған.

Стандарттардың мемлекеттік жүйесі стандарттардың үш түрінен тұрады:

- мемлекеттік (МЕСТ);
- салалық (ССТ);
- кәсіпорындық (КСТ).

ЕҚСЖ 1 кестеде келтірілген келесі жүйелерден тұрады.

Кесте 1 - ЕҚСЖ жүйелері

Жүйелік шифры	Жүйелік атауы
0	еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды және еңбек қауіпсіздігі саласындағы стандарттаудың ұйымдастыру-әдістемелік негіздері
1	қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың түрлері бойынша талаптар мен нормалардың стандарттары
2	өндірістік жабдықтарға қойылатын қауіпсіздік талаптарының стандарттары
3	өндірістік процестерге қойылатын қауіпсіздік талаптарының стандарттары
4	Жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдарына қойылатын талаптар стандарттары
5	үйлер мен ғимараттарға қойылатын қауіпсіздік стандарттары
6-9	резерв

«0» жүйелігінің стандарттары:

- еңбек қауіпсіздігі саласындағы стандарттаудың ұйымдастыру-әдістемелік негіздерін - жүйенің мақсатын, міндеттері мен құрылымын, ЕҚСЖ стандарттарын енгізу мен орындалуын бақылауды, еңбек қауіпсіздігі саласындағы терминологияны, зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың жіктелуі;

- еңбек қауіпсіздігінің, жұмыс істеушілерді еңбек қауіпсіздігіне оқыту, персоналды аттестациядан өткізу, еңбек қауіпсіздігі жағдайын бағалау әдістерін белгілейді.

«1» жүйелігінің стандарттары:

- зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың түрлері бойынша талаптарды, олардың параметрлерінің шекті мүмкін мәндерін, зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың сипаттамаларын белгілейді;

«2» жүйелігінің стандарттары:

- өндірістік жабдықтарға қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптарын;
- өндірістік жабдықтың жекелеген түрлеріне қауіпсіздік талаптарын;
- қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылау әдістерін белгілейді;

«3» жүйелігінің стандарттары:

- өндірістік процестерге қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптарын;
- технологиялық процестердің жекелеген түрлеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын;
- қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылау әдістерін белгілейді.

«4» жүйелігінің стандарттары:

- жеке қорғаныс құралдарының жекелеген кластарына, түрлеріне және типтеріне қойылатын талаптар;
- жеке қорғаныс құралдарын бақылау мен бағалау әдістерін;
- жеке қорғаныс құралдарының жіктелуін белгілейді.

«5» жүйелігінің стандарттары:

- үйлер мен ғимараттарға, оларда жұмыс істеп жатқан адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне қатысты қойылатын жалпы талаптарды;
- үйлер мен ғимараттарды тұрғызу, пайдалану, жөндеу және қалпына келтіру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты оларға қойылатын жалпы талаптарды;
- үйлер мен ғимараттарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын бақылаудың әдістерін белгілейді.

«0», «2», «3», «4» және «5» жүйеліліктерінің ЕҚСЖ стандарттары мемлекеттік және салалық, ал «0» жүйелігінің стандарттары сондай-ақ кәсіпорындық та бола алады.

Салалық стандарттар талаптарды нормалар мен қағидаларды, саладағы еңбек қауіпсіздігі ережелерін ескере отырып, мемлекеттік стандарттарға сәйкес белгілеу қажет.

«1» жүйелік стандарттары мемлекеттік стандартқа жатады. ЕҚСЖ «1» жүйелігіндегі стандарттарды жасауға осы сала үшін бақылау әдістерінің спецификасы болған кезде қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың нормаланатын параметрлерін бақылау әдістеріне ғана рұқсат етіледі. Жобалық құжаттамалардағы үйлер мен ғимараттарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын құрылыстық нормалар мен ережелерде ЕҚСЖ «5» жүйелігіне сәйкес белгілейді.